

## «Босаға жалпы білім беретін мектебі» КММ 2022-2023оқу жылындағы атқарылған психологтің АСППМ жұмыстары бойынша есебі.

АСППМ бойынша атқарылатын психологиялық жұмыс бағыттары;


1. Диагностика сапалық әдістер
2. Диагностика сандық әдістер
3. Консультация
4. Дамытушылық (түзету) бағыт
5. Психологиялық педагогикалық ағарту
6. Ұйымдастырушылық әдістеме қызмет
7. Қосымша жұмыс

### Қыркүйек айында:

Оқушылардың оқу мотивация деңгейін анықтау мақсатында Лусканова әдістемесі алынды 1 сынып оқушыларынан.



5 сыныптан оқу мотивациясының деңгейін зерттеу Лусканова әдістемесі




және


Филипстің мектептен үрейлену деңгейін саралау әдістемесі алынды.  
7 сынып қортындысы.




6-11 сыныптардан оқуға деген мотивациясымен эмоционалды қатынасты  
диагностикалау Спилберг Андрееваның тесті алынды.



2-4 сынып оқушыларынан оқу мотивациясының деңгейін бағалау И.Г. Лусканованың және Зямбивичене әдістемесі алынды.



7-11 сынып оқушыларынан агрессиялық деңгейін анықтау Басса Дарки әдістемесі алынды.



## Қазан айы.


Осы сынып қыз балаларымен «Қыз қылығымен» атты әңгіме сағаты өткізілді. Мектеп медбикесі, сынып жетекші Көлтаева және мектеп психологы бірлесіп өткізді. 7-11 сынып қыз балаларымен.




Ұл балалармен жеке «Елім дейтін ер болса» әңгіме сағаты өткізілді. Өткізген мекпентің әлеуметтік педагогы Данабеков Н. және тарих пәні мұғалімі Төлеубеков А. 8-11 сынып ер балаларымен.



7-11 сыныптар арасында кәметке толмағандар арасында мектеп буллингінің алдын алу бойынша дәріс сағаты өткізілді. Өткізген мектеп психологы.



Кандаш әдістемесі «аландаушылық шкаласы» 8-9 сыныптар аралығында өткізілді.



Даярлау сыныбына келген оқушыларымен мектепке жаңадан келген оқушылармен танысу. Мектеп психологы әңгіме сағатын өткізіп бақылау жасалды.





Бесінші сынып оқышыларымен орта буынға бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету.



Мұғалімдердің «күйіп кету» синдромының алдын алу барысында тренинг өткізілді. Тренинг өткізген мектеп психологы Есимғалиева С.Е

«Зорлық зомбылыққа жол жоқ» 1-11 сынып оқушылары мен ата аналарымен сауалнама, презентация, сынып сағаттар өткізілді.




### **Қараша айы:**


Дарынды балаларды анықтау 2-4 Замбивичене әдістемесі алынды. Әдістеме жүргізген мектеп психологы Есимғалиева С.Е. Сыныптар бойынша толық алынды қатыспаған оқушы жоқ.



Щварцтың құндылық тесті 9-11 сыныптар алынды. Оқушылар толық қатысты нәтежесі төмендегідей.



Зорлық зомбылыққа жол жоқ атты дәріс сағаты өткізілді 1-11 сынып оқушыларымен және ата аналардың қатысуымен.






## Суицид превенция бойынша вахтерларды және ата аналарды оқыту.



Әр сыныптың ата аналар жиналыстарында мектептің психологиялық қызметінің жұмысы туралы мәселені қарастырып ,психологиялық қызметтің жұмыс жоспарымен таныстырылды




Кәмелетке толмағандар арасында мектеп буллингтің алдын алу бойынша дәріс сабағы өткізілді видео, слайдтар көрсетілді.Қатысқан 7-11 сынып оқушылары. Өткізген мектеп психологы Есимғалиева С.Е



Кәсіби бағдар беру 6-11 сынып оқушыларынан Айзенк тесті алынды.





### **Желтоқсан айы:**

Интернетке тәуелділіктің алдын алу 5-11 сынып оқушылары, мұғалімдер және ата аналар мен презентация мен таныстырылды. «Әлеуметтік желілердегі қауіпті ойындардан жасөспірімдерді сақтандыру» атты мақала жарияланды «Шет шұғыласы» аудандық газетіне.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҚАЗІПТІ ОЙЫНДАРДАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ САҚТАНДЫРУ

Қазіргі таңда ХХІ ғасырда ғаламторда тәуелділік ең басты мәселелердің біріне айналып отыр. Бүгінде ғаламтор өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Ғасырдың ең озық жетістігі әрі сырқаты болып саналатын ғаламтордың жасөспірімдерге пайдасы мен зияны қатар тиіде. Техника дамыған сайын адамның өмірі жеңілдеген түседі. Ал, адам өмірі жеңілдеген сайын денсаулығы нашарлай бастайды. Бұл қазіргі уақыттың айқын ақиқаты болып отыр. Сондай аурулардың бірі-жана ғасыр ауруы-ғаламторға тәуелділік. Интернетті пайдалы жұмыстарға емес, бос уақытты өткізу үшін қолданар болсақ, онда оның өз денсаулығымызға төндіретін қаупінде бір сөз ойдан шығармаған абзал. Ғаламтор желісінде бір қарағанда ешқандай зияны жоқ болып көрінгенмен, өмірге аса қауіпті ойындар да жетерлік. Қауіпті ойынға сезімтал, әрі психикасы әлсіз балалар бейім болады. Сондықтан үйінде ата-анасы, ал мектепте ұстаздар баланың мінез-құлқына назар салып жүру керек. Қазіргі кезде оқушыларды бұл қауіпті ойындардан оқшаулау мақсатында, мектепке смартфон әкелуге тыйым салынған. Ал, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуі үшін, оларға белгілі бір бағыт беріп, спорт немесе шығармашылық жұмыстарға бет бұруына ықпал ету керек. Қазіргі балалардың бәріне интернет қолжетімді. Әрбір ата-ана баласының немен айналысып жүргенін, қандай сайттарға кіретінін білуі тиіс. Біз ата-аналармен тұрақты жұмыс жүргізудеміз және көмектесуге әрқашан дайынбыз. Балаларға көбірек көңіл бөлінуі керек. 11-17 жас аралығындағы жасөспірімдерге бағыт-бағдар қажет. Бұл жаста олардың бойында үлкен өмірге деген сарқалмайтын күш-жігер пайда болады. Сондай кезде дұрыс жол сілтеушісі болмаса, бала өз бетінше ідениіс жасайды. Сол себептен бала әлеуметтік желіде пайда болғаннан бастап виртуалды өміріне етене араласқаны абзал. Әр ата-ана виртуалды әлемді негізгі желілік этикетті мәдени қарым-қатынасты сақтау жанжалға жол бермеу керектігін түсінгені жөн. Бұл жерде олар өз баласына үлгі-өнеге көрсетіп, желідегі парақшаның сауатты жазып, жағымды тонға мұше болып, желідегі этикетті қатаң сақтағанда ғана нәтиже береді. Әлеуметтік желіде отырған баланың өзін үнемі бақылауда ұстау арқылы ғана қадағалай алады. Әлеуметтік

желіде отырған баланың өзін үнемі бақылауда ұстау арқылы ғана қадағалай аласыз және бір нәрсе баламен ашық сөйлесу арқылы да жол жеткізуге болады. Яғни, ең дұрыс жолы зиянды ақпараттар мен қауіпті ойындарды балаға айтып сөйлесіп отыру керек. Балаға үнемі ата-ананың мейірімі мен жылы қарым-қатынасы керек. Жасөспірімдердің өзіне деген сенімін қалыптастыру керек. Бүкіл әлем бір-біріне деген сенімнен ғана тұрады. Сол себепті ғаламтордағы ақпараттың зиянды екеніне сендіре алмайсыз. Өмірде зардабы бар қауіпті ойындарды шектеумен біз мамандар мектепте үнемі жұмыс істеудеміз. Ал, ата-ана өз баласының тәрбиесімен айналысуда. Біз ұстаздар ата-аналармен жұмыс жасап отырамыз. Оларға смартфонды пайдаланудың балаға қауіптілігі зиян екенін түрлі зерттеулерге сүйене отырып, барынша түсіндіреміз. Бейнебағдар көрсеттік. Нәтижесінде ата-аналар өзі балаларының сабақ үстінде телефон пайдаланбауына қолдау танытты. Ал, балалармен жұмыс жасауға келсек, өмірдің құндылығы туралы психологиялық сабақтар өткіземіз. Өмірде нені бағалау қажеттігін түсіндіреміз. Оқушылар тек өзінің ғана емес, сыныптастарының, достарының, тіпті, бөтен адамдардың да өміріне құрметпен қарауды ұғынып өседі. Сондай-ақ, психологиялық сабақтарда мінез-құлқты дұрыс қалыптастыру, қарым-қатынасты жақсарту, отбасы мүшелеріне, ата-анасына деген махаббатын оғту жайы да сөз болады. Кейде қызы балалар ата-анасының жұмыстан босамайтынын айтып, сырын ақтарады. Ондайда отбасындағы жылы қарым-қатынасты жалғастыру оқушы қыздың да қолынан келетінін айтып, ата-анасына қамқор, қолқанат болуға кеңес береміз. Олар телефонды сабақтың соңында алып кетуге дағдыланған. Баланы кішкентайынан уақыты текке өткізбеуге үйрету қажет. Түрлі үйірмелерге барып өскен баланың санасында жамандық атаулыға орын болмайды дегіміз келеді. Біз мектеп оқушыларын тілеулетіміз, жақсы ниеттілікке тәрбиелей алдық деп есептейміз.

**Салтанат ЕСІМҒАЛИЕВА,**  
Босаға ЖББ орта мектебінің психологы,  
**Нұррат ДАНАБЕКОВ,**  
әлеуметтік педагог,  
Босаға ауылы.

Ұл балалармен жұмыс «Құқық бұзушылықтың алдын алу» атты дәріс сағаты өткізілді. Мектеп директоры, ауыл әкімі, аудандық полиция қызметкерлерімен қатысуымен.



Зиянды әрекеттердің алдын алу барысында ақыл кеңес беру дәрісі өткізілді.




Оқушыларды ҰБТ ге дайындау барысында кеңестер берілді. Оқушыларда емтиханға дайындалудағы психологиялық дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз ету және емтихан тапсырудағы өз-өздеріне деген сенімділіктерін, күштерін жоғарылату барысында мектеп психологы кеңесін берді.




### **Қосымша жұмыс.**

ZOOM платформасында Нұраталды мектебінің психологы Шуженова К. «Жасөспірімдер арасындағы булингтің алдын алу» тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Семинар жоғары деңгейде өткізілді, маңызды мағұлматтар алдық.






Сонымен қатар ZOOM платформасында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында практикалық тренинг семинар өткізілді. Өткізген Сарыарқа дарыны білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығының практик тренері.




ZOOM платформасында обучающий семинар «профилактика религиозного экстремизма и терроризма» тақырыбындағы семинарға қатыстым





ZOOM платформасында облыс көлемінде өткізілген психологтар семинарына қатысып, балалардың «сенсорика және моторикасын дамыту» атты тақырыбындағы семинарға қатыстым. Осы семинарда әр түрлі практикалық жаттығулар көрсетіліп өтті. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған семинар.



ZOOM платформасында «Зорлық зомбылық алдын алу» тақырыбында аудан білім бөлімінің басшысы Смағұл Е.Ж және Шет ауданының прокуроры Е.Жапармен кездесу өткізілді. Осы зумға мектебіміздің ата аналарымен және мектеп ұстаздары қатысты.



Желтоқсан айына дейін психолог маманының атқарған жұмысының есебі.

Орындаған мектеп психологы Есимғалиева С.Е

## Босаға жалпы білім беретін мектебі КММ 2021-2022 оқу жылында психологтың атқарылған іс шараларының мәтіндік есебі.

Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімділігін тексеру барысында оқушылармен әңгіме сағаты өткізілді. Қыркүйек айында «Мектеп суреті» әдістемесі алынды. Бірінші сынып оқушыларынан.




Сонымен қатар Керн Йиерасик әдістемесі алынды. Бесінші сынып оқушыларынан социометрия әдістемесі алынды.

**Мақсаты:** Сынып оқушыларының өзара қарым қатынастарын, бір бірімен байланыстарын білу, оларды ұйымшылдыққа тәрбиелей отырып үнемі жан жақты тығыз байланыста болуға үйрету. Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып сынып лидерін анықтайды және топтағы барлық оқушылар қабылданғанын бақылаймыз.


2-4 сынып оқушыларымен Лусканова әдістемесі алынды. Жалпы қатысқан оқушы саны -29. Оқу мотивациясы төмен оқушы жоқ. Мектепке деген он көзқарас, бірақ мектептегі сабақтан тыс жақтармен көбірек тартады -9 оқушы.

Қалған оқудың жақсы мотивациясы -20 оқушы.



Темперамент типін анықтау үшін Айзенк тесті алынды. 6-8 сынып оқушыларынан нәтижесі шығарылды. Холерик – 90% флегматик -10%. 7сынып бойынша – холерик -71% сангвиник-14% флегматик-1%

меланхолик-14%. 8сынып бойынша холерик -46% сангвиник-47%  
меланхолик – 7%.



Суицид превенциясы бойынша вахтерлармен және кіші вахтерлармен дәріс сабақ өткізілді. Хаттамасы жазылып есебі, фотосы шығарылды.




9 сынып Спилберг Андрееваның мотивация тесті алынды. 14- мотивацияның төмендеуі «мектептегі зерігу» аландаушылығы оқуға деген теріс эмоционалды көзқарас. 1-Оқушы күрт теріс көзқарас.

Буллинг дегеніміз не? 5-11 сыныптар аралығында дәріс сабағы өткізілді. Оқушыларға жалпы буллинг ,кибербуллинг туралы мәліметтер берілді.





Интернетке тәуелділікті анықтау 5-11 сыныптар аралығында дәріс сабағы өткізілді. Мектеп психологы оқушыларға интернеттегі ойындардың зияндығы босқа уақытты өткізу екендігі айтып түсінік берді.




Зорлық зомбылыққа жол жоқ атты дөңгелек үстел өткізілді. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту олардың дене, психикалық адамгершілік, рухани даму үшін ата аналар жиналысы өткізілді. Аутодеструктивтің алдын алу негізінде.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ауыл учаскелік инспекторы мен кездесу.




Зиянды әрекеттердің алдын алу (сынып сағаты) өткізілді. Қазіргі таңда электронды сигарет шақша, темекі т.б сияқты ағзаға зиян келтіретін психотропты заттар туралы айттып түсіндірдім. Ондай заттар тек қана

денсаулығына ғана емес сонымен қатар психикасына жүйке жүйесіне зиянын келтіруі мүмкін.



Тренинг сабақ ҰБТ дайындық. 11 сынып оқушыларымен кездесіп ақыл кеңестер берілді. Тренинге қатысушылардың көңіл күйін көтеру, жүйке жүйесін демалдыру, дене бұлшық етерінің шаршағандығын басу және өзіне деген сенімділіктерін арттыру мақсатында тренинг өткізілді.



11 сынып ата аналарымен кездесіп ақыл кеңестер беріліп психологиялық қолдау көрсетілді. Оқушылар арасында қарым қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл күйден арылу күш қуат жинау, өзін еркін сеніуге көмектесу.



Жыл бойы жасалған жұмыстарға саралау жасау. Мамыр айында жалпылама түрде жыл бойы атқарылған жұмыстарға қортындылау жүргізілді .